



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### Мамыр айындағы іскерлік белсенділік: өндірісте, саудада және қызмет көрсету секторында өсім бар


2025 жылдың мамыр айындағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі

Астана қ.

2025 жыл, 4 маусым

2025 жылғы мамырда іскерлік белсенділік **51,4** (сәуірде – 50,5) болып, айтарлықтай жақсарды.

Өндірісте, саудада және қызмет көрсету секторында белсенділік жақсара түсті, индикатор тиісінше **53,7-ге, 52,3-ке және 51,0-ге** дейін (сәуірдегі 53,0, 51,2 және 50,1-ден) ұлғайды. Құрылыста және тау-кен өндіру өнеркәсібінде де жақсару үрдісі байқалды, алайда индикаторлар **49,8 және 49,1** (сәуірде – 48,8 және 48,2) болып, теріс аймақта қалды. Өндіріс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде – өндіріс көлемі, саудада – тауарлы-материалдық қорлар көлемі артты.



**Бизнес-ахуал индексі (БАИ)** 2025 жылдың мамыр айында **14,5** деңгейінде қалыптасты. Бұл көрсеткіштің өсуі – бизнес жүргізудің қазіргі жағдайына берілген бағалардың жақсаруы мен келешек жағдайларға қатысты оптимизмнің артуымен байланысты. Нәтижесінде бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағында қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/көрсетілетін қызметіне сұраныс артқанымен, өсу қарқыны сәуірмен салыстырғанда бәсеңдеген. Ең жоғары сұраныс өндірісте байқалып отыр.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)